



Ақмешіт

16 мамыр
сенбі

№36 (2248)

2026 ЖЫЛ

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

БРИФИНГ

15 мамыр – халықаралық отбасы күні отбасы құндылықтарын ұлықтап, әр шаңырақтағы сыйластық пен сүйіспеншілікті дәріптейтін маңызды мереке. Халықаралық деңгейде дәріптелген мереке отбасының қоғамдағы ролін айқындап, ұрпақ тәрбиесінің негізі екендігін тағы бір мәрте еске салады. Отбасы – мейірім мекені, жылулық ұясы, бақыттың бастауы. Отбасы құндылығын дәріптеу – қоғамның басты қағидасы.



ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Естеріңізге сала кетейік, 1993 жылғы 20 қыркүйекте БҰҰ Бас Ассамблеясымен «15 мамыр – халықаралық Отбасы күні» болып бекітілген еді.

Сыр өңірінде «Отбасы күні» атап өтуге байланысты іс-шаралар жыл сайын жүйелі ұйымдастырылып келеді. Биыл да жоспарға сәйкес 700-ге жуық іс-шара өткізілуде. 16 мамырда Президент саябағы аумағында жыл он екі ай қызмет көрсететін 300 орындық балалар тынығу лагері ашылмақ. Дәстүрлі «Мерейлі отбасы» конкурсына құжат қабылдау 15 мамырдан басталды.

3-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

КӘРІЗ ЖҮЙЕЛЕРІН ЖАҚСARTY – БАСТЫ НАЗАРДА

Кәріз жүйесінің шаруашылық-тұрмыстық және сарқынды су, сұйық өнімдерді шығаруға арналған су бұру жүйесінің бір бөлігі ретінде қызметі өте маңызды. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіру және қадағалап отыру маңызды.



Шаһар басшысының тапсырмасына сәйкес, қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов бастаған жұмысшы топ «Қызылорда су жүйесі» кәсіпорнына қарасты кәріз насос станцияларының жай-күйіне зерделеу жүргізді.

Тұрғындарға коммуналдық қызмет көрсетуде және халықтың өмір сүру сапасын қамтамасыз етуде маңызды салалардың бірі саналатын кәріз жүйесі тоқтаусыз жұмыс істеуі қажет. Осы бағытта жұмысшы топ №6 «Ожың», №101 орта мектеп жанындағы кәріз насос станциясы, Саяхат тұрғын ауданындағы шағын КНС, натрий гипохлоридін өндіру қондырғысы нысандарын аралап, олардың қазіргі уақытқа бейімдеу, жүйені жаңғырту жұмыстарын көрді.

Сонымен қатар Тасбөгет кентінің тұрғындарының шағымына байланысты ондағы модульді биологиялық тазарту станциясында ассенизаторлық автокөліктерден қабылданатын сарқынды сулар жолы тоқтатылды. Қазіргі таңда Саяхат тұрғын ауданында аталған қызмет түріне есептелген шағын кәріз насос станциясының құрылысы жүргізілуде. Жауапты сала мамандарына анықталған мәселелер бойынша нақты тапсырмалар беріліп, жұмыстар тұрақты бақылауға алынған.

Қалада кәріз жүйелерін тазарту және инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асуда.

«Ақмешіт-ақпарат»

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жөнінде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз.

Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

ТҮРКІСТАН – АТАЖҰРТЫМЫЗДЫҢ МЫЗҒЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде сөйлеген сөзі

Құрметті Мемлекет басшылары! Қадірлі саммитке қатысушылар!

Баршаңызды Түркі әлемінің рухани астанасы – Түркістанда қарсы алып, өздеріңізбен жүздесіп отырғанға қуаныштымын. Менің шақыруымды қабыл алып, алқалы жиынға келгендеріңіз үшін сіздерге шынайы ризашылығымды білдіремін.

Түркістан – атажұртымыздың мызғымас темірқазығы. Екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған шежірелі шаһар. Көне қала қашанда түбі бір түркі жұртының қасиетті қара шаңырағы саналған. Түркістан төріндегі Әзірет Сұлтан кесенесі – рухани тұтастық пен тарихи сабақтастық символы. Қожа Ахмет Ясауи бауырлас елдердің дүниетанымын кеңейтуге зор үлес қосты. Адамзатқа ортақ құндылықтарды барынша дәріптеді. Халықты жақсылыққа, жасампаздыққа, адалдыққа шақырды. Ғұлама ойшыл ислам дінін түркі жұртының таным-түсінігімен ұштастыра білді. Аса құнды еңбектер жазып, мол мұра қалдырды. Ясауидің тағлымды ойлары мен хикметтері – түркі халықтарының баға жетпес байлығы. Ұлы бабамыз дәріптеген құндылықтар әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз Ясауидің гуманистік идеяларына баса мән беріп отырмыз.

Қазір елімізде «Адал азамат», «Әділетті Қазақстан», «Таза Қазақстан» және басқа да бірегей бастамалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Басты мақсатымыз – ұлт сапасын барынша жетілдіріп, мемлекеттімізді нығайта түсу. Түптеп келгенде, осы ауқымды жұмыстың негізі Ясауи ілімінен бастау алады. Бүгінгі жиында өздеріңізге тағы да атап өткім келеді: мен биыл Ұлыстың ұлы күнінде осы киелі Түркістан жерінде «Qoja Ahmet Yasaui» орденін тағайындау туралы шешім қабылдадым. Осыған орай тиісті заң қабылданды, арнайы Жарлыққа қол қойдым. Бұл күллі түркі дүниесі үшін мән-мағынасы айрықша марапат деп айтуға болады. Сол себепті кеше алғашқы мәртебелі наградаға аса құрметті Президент Режеп Тайип Ердоғанға салтанатты түрде табыстадым. Осылайша, біз түркі руханиятының темірқазығы – Ясауи тұлғасын дәріптей отырып, халықтарымыздың арасындағы мызғымас бауырластық тамырын нығайта береміз деп сенемін.

Бүгінде Түркістан – көне мен келешекті тоғыстырған шырайлы шаһар. Аймақтың



экономикалық әлеуеті жыл өткен сайын артып келеді. Былтыр облыстың экономикасы 9,3 пайызға өсті, оның көлемі 10 миллиард доллардан асты. Аймаққа 3,5 миллиард доллар инвестиция тартылды. Алқалы жиынды осында өткізудің мақсаты – атажұртта бауырлас елдердің көшбасшыларымен жүздесу, қайта түлеген Түркістанды төрткүл дүниеге таныту. Біз киелі орданың тарихи қандай терең болса, болашағы да сондай жарқын боларына нық сеніммен қараймыз. Осы мүмкіндікті пайдаланып, бүгін Түркістанда Өзбекстанның қолдауымен жаңа зәулім мешіт ашылғанын үлкен ризашылықпен атап өткім келеді.

Ерекше тарту жасағаны үшін Өзбекстан Президенті, аса қадірлі Шавкат Миромонұлы Мирзиёевке және өзбек халқына алғысымды білдіремін. Елдеріміздің руханиятындағы осы мешіттің орны ерекше болмақ. Бұл – қазақ-өзбек халықтары ынтымағының тарихи символы. Менің пікірімше, бұл мешітке «Миромон ата» аты берілсе, өте орынды болар еді. Қос халқымыз бұл шешімді қолдайтынына еш күмән жоқ. Себебі осы қасиетті

нысан біздің арамыздағы мәңгі достыққа қызмет етеріне сенімдіміз.

Құрметті достар!

Біз халықаралық геосаяси ахуал аса күрделі және құбылмалы дәуірлі бастан өткерудеміз. Әлемдік және аймақтық деңгейдегі бәсеке күшейіп барады. Қарулы қақтығыстар, соғыстар толастар емес. Мұның бәрі әлем экономикасына кері әсер етіп жатқанын бәріміз көріп отырмыз. Таяу Шығыстағы жағдайдың салдарын көршілес аймақ елдері де сезіне бастады. Осындай алмағайып кезеңде түркі мемлекеттерінің ауызбіршілікте болуы – өте маңызды. Себебі халықтарымызға ортақ сан ғасырлық шежіреміз бар.

Қазіргі таңда түркі елдері заман талабын ескеріп, экономика және инвестиция саласындағы ықпалдастықты нығайтуға керек, ортақ мүдде жолында күш жұмылдыруға тиіс деп санаймын. Осы орайда, бүгінгі саммиттің «Жасанды интеллект және цифрлық даму» мәселесіне арналып отырғаны өте маңызды.

2-БЕТТЕ

БРИФИНГ

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...



Жаздың аптап күндері басталуға да жақып. Ал жаздың сөні – суға түсу. Дегенмен, жазды күтпей-ақ осы күннің өзінде дария жағасында ойнап немесе суға түсуге барған жеткіншектер жеткілікті. Мұндай жайттар рейдтік шаралар кезінде анықталған.

3-БЕТТЕ

МӘСЕЛЕ



ТҮРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ ЖАЗАСЫ ҚАТАҢ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – бұл тек жеке адамдарға ғана емес, бүкіл қоғамға әсер ететін маңызды әлеуметтік мәселе. Өкінішке орай, бұл өзекті болып отыр. Осы орайда, отбасындағы әйелдер мен балалардың тұрмыстағы зорлық-зомбылығына қарсы елімізде нақты іс-шаралар қолға алына бастады. Соның аясында А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде «Қауіпсіз қоғам: отбасы, тәрбие және жауапкершілік» тақырыбында жиын өтті. Басқосуда отбасы

құндылықтарын сақтау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, интернет-алаяқтық, сталкинг және құмар ойындардың зияны жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жиынға құқық қорғау органдарының өкілдері, сала мамандары, білім саласының өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамдағы өзекті мәселелердің алдын алып, тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4-БЕТТЕ

ТҮРКІСТАН — АТАЖҰРТЫМЫЗДЫҢ МЫЗҒЫМАС ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитінде сөйлеген сөзі

Құрметті жиынға қатысушылар! Қадірлі достар!

Қазір бүкіл әлем бұрын-соңды болмаған өзгерістермен бетпе-бет келді. Жаңа сын-қатерлер пайда болды. Дүние жүзінде технологиялық бәсеке күшейді, яғни, инновациялық тұрғыдан озық ел болу мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Технологиялық даму кез келген мемлекеттегі тұрақтылық пен қауіпсіздік факторына айналды. Бұл – цифрлық трансформацияға дер кезінде бет бұрған елдер көш соңында қалмайды деген сөз. Сондықтан Түркі кеңесіне мүше мемлекеттер технологиялық жаңғыру үдерісінен тыс қалмауы үшін бірлесіп жұмыс істеуі керек деп санаймыз.

Жасанды интеллект пен цифрландыру үдерісі түркі әлемінің дамуына жол ашуға тиіс. Қазақстан цифрлық ел болуды көздеп отыр. Бұл – еліміздің алдында тұрған стратегиялық мақсат. Осы жыл Қазақстанда «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланды. Астанада Alem.ai жасанды интеллект орталығы ашылды. Сондай-ақ біз екі суперкомпьютерді іске қостық. Келесі қадам – «Деректерді өңдеу орталықтарының алкабын» құру. Бұл жоба аймақ елдеріне жетекші технологиялық компаниялар мен жаһандық цифрлық капиталды тартуға зор мүмкіндік бермек.

Біз Қазақстанды аймақтық хаб ретінде дамыту үшін көші-қон үдерісін оңтайландыра бастадық. Шетелден келген кәсіпкерлерге, инвесторларға, білікті мамандарға арналған «Алтын визаны» енгіздік. Мұндай виза алған адамдар мемлекеттік және қаржылық қызметтерге Қазақстан азаматтарымен тең дәрежеде қол жеткізе алады. Сонымен қатар елімізде Цифрлық кодекс қабылданды, Жасанды интеллект туралы заң күшіне енді. Біз білім саласындағы цифрлық инфрақұрылымды дамыту және озық технологияны меңгерген педагогтерді даярлау мәселесіне, білім беру жүйесін әр оқушының қабілетіне сай бейімдеу, олардың дербес деректерін қорғау ісіне ерекше мән беріп отырмыз. Осы мақсатпен мен жақында Жасанды интеллектті орта білім беру жүйесіне енгізу туралы Жарлыққа қол қойдым.

Бұл да Қазақстанның болашағы үшін жасалған өте маңызды қадам деп айтуға болады. Алдағы уақытта еліміздің цифрлық даму бағдарын айқындайтын Digital Qazaqstan стратегиясы бекітіледі. Таяуда Алматы қаласында Тұрақты дамуға ықпал ететін цифрлық шешімдер орталығы ашылды. Бұл бастама Біріккен Ұлттар Ұйымының аймақтық экономикалық және әлеуметтік комиссиясының қолдауымен жүзеге асырылады. Қазақстанның тілектестік танытып, осы жобаның тең авторлары ретінде бұл жұмысқа мол үлес қосқандарыңыз үшін Сіздерге алғыс айтамын. Сонымен қатар наурыз айында Түркі кеңесі сарапшыларының қатысуымен Шымкент қаласында «Жасанды интеллект және цифрлық даму» халықаралық конференциясы өтті. Бұл іс-шара елдеріміздің осы саладағы ынтымақтастығы мен мүдделестігін айқын көрсетті.

Мен былтыр Габалада өткен басқосу кезінде цифрлық даму және киберқауіпсіздік мәселесіне қатысты бірқатар бастама көтердім. Атап айтқанда, Түркі мемлекеттері ұйымының Цифрлық мониторинг және Цифрлық инновациялар орталықтарын құруды ұсындым. Бұл орталықтар Ұйымға мүше мемлекеттердің өсіп-өркендеуіне цифрлық тұрғыдан тың мүмкіндіктер береді. Бұдан бөлек, сол алкалы жылында Киберқауіпсіздік жөніндегі кеңес құру қажет екенін айттым. Мұндай Кеңес елдеріміздің цифрлық әлеміндегі осал тұстарды анықтап, инфрақұрылымға төнетін қауіптің алдын алуға ықпал етеді. Осы құрылым арқылы Ұйымға мүше елдердің тиісті органдары жедел ақпарат алмаса отырып, жұмыс істей алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша тиісті тұжырымдамаларды әзірлеп, Ұйымға мүше мемлекеттерге келісу үшін жолдады. Аталған нақты шаралардың бәрі де елдеріміздің ортақ мүддесіне сай келеді, сондықтан, осы бағытта тиімді және белсенді әрекет етеміз деп ойлаймын.

Құрметті мемлекеттер басшылары!

Мен бүгін бірқатар ұсынысты ортаға салғым келеді.

Біріншіден, сауда-экономика саласы бойынша ұйымға мүше елдер арасында электрондық құжаттар мен цифрлық қолтаңбаны өзара тануға қатысты жұмысты бірлесіп жүргізген жөн.

Екінші мәселе: Ғарыш саласы – түркі мемлекеттерінің бәсекеге қабілетін арттыруға ықпал ететін негізгі фактордың бірі. Бұл бағытты жүйелі түрде дамыту үшін елдеріміздің ғылыми, технологиялық және



Сонда кез келген адам онлайн режимде түркі өркениетінің мол мұрасымен танысып, оны зерделей алады. Қазақстан бұл бастамалар бойынша жан-жақты цифрлық шешімдер ұсынуға дайын.

Жетінші міндет. Түркі мемлекеттерінің тарихи және мәдени мұрасын сақтау және оны болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыру – баршамызға ортақ міндет, парыз деп айтуға болады. Сол себепті мен Түркістан қаласының руханиятымыздағы ролін ескеріп, осында Түркі өркениеті орталығын құру туралы шешім қабылдадым. Бұл орталық бауырлас елдердің бірлесіп ғылыми зерттеу жүргізуіне, мәдени жобаларды және білім беру бағдарламаларын іске асыруына жағдай жасайды. Сондай-ақ гуманитарлық ықпалдастығымызды нығайта түседі. Орталықтың қызметін тиімді ұйымдастыру үшін Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ғылыми-академиялық әлеуетін пайдаланған жөн деп санаймын. Бұл университетке қажетті қаржылай және басқа да жәрдем көрсетіледі. Бәріміз де жаңа ғана Түркі өркениеті орталығының іргетасын қалау рәсіміне куә болдық. Осы бастамаға көрсеткен қолдауларыңыз үшін Сіздерге алғысымыз зор.

Бұған қоса, біз Астанада Дала өркениетін дәріптеуге арналған арнайы орталық құруды жоспарлап отырмыз. Онда дала халықтарының тарихы мен мәдениеті кеңінен насихатталмақ. Ұйымға мүше мемлекеттерді және барлық бауырларымызды осы жобаны қолдауға және оған белсенді қатысуға шақырамын.

Келесі маңызды мәселе. Технологиялық даму және гуманитарлық ықпалдастық дәуірінде түркі тілдеріне ортақ терминологиялық негіз қалыптастыру қажет. Жақында Түркі Академиясы ағылшын, орыс және түркі тілдерінде сегіз томдық терминологиялық сөздікті жарыққа шығарды. Бұл жұмыс терминдерді бір ізге келтіруге және ортақ ғылым кеңістігін нығайтуға ықпал етпек. Осы орайда Кеңеске мүше елдердің тиісті мекемелерінің өкілдері, ғылыми сарапшылары кіретін Мемлекетаралық терминологиялық комиссия құруды ұсынамын.

Құрметті әріптестер!

Қазақстан Түркі мемлекеттері ұйымын жан-жақты дамытуға мүдделі. Бүгінде біздің Ұйымға халықаралық қауымдастық сенім білдіріп отыр. Абырой-беделіміз де артып келеді. Осы орайда Қазақстан Ресейдің «Алтай – түркі өркениетінің бесігі» жобасына оң көзқарасын білдірді. Бұған қоса, біз «Алтай сұхбат алаңы (диалогі)» форумын құру жөніндегі ұсынысымызды жариялайдык.

Еліміз Түркияның ынтымақтастық аясын кеңейтуге бағытталған «Түркі мемлекеттері ұйымы +» форматын құру бастамасын қолдады. Осы форматқа қосылуға ниет білдірген мемлекеттер мен ұйымдарға қатысты нақты өлшемдер болу қажет деп санаймын. Ең бастысы, жаңа форматтағы жұмыс Ұйымның мақсат-міндеттеріне сай болып, оған кері әсерін тигізбеуі керек. Мысалы, соңғы кезде Ұйымымызды әскери альянс ретінде сипаттайтын ой-пікірлер айтылып жүр. Олардың теріс пейілі бізге анық, мақсаттары – елдерімізге емес екені де белгілі. Қазақстан ондай ұстанымды жоққа шығару керек деп санайды. Біз үшін түркі әлемінің бірлігін нығайту аса маңызды, кезек күттірмейтін басымдық. Түркі мемлекеттері ұйымы – геосаяси жоба емес, әскери ұйым да емес. Бұл – бауырлас елдердің сауда-экономикалық, жоғары технологиялық, цифрлық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын нығайтатын бірегей алаң.

Мұндай ұстаным еліміз үшін – маңызды басымдық, себебі, бұл ұлттық мүдде тұрғысынан да тиімді екені анық. «Алтай ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген аталы сөз – бәрімізге ортақ. Түркі әлемі әрдайым тату болып, алға қойған мақсатынан ауытқымай, бірлесіп дами беруі керек. Сондықтан бүгінгі басқосу тамыры бір, тарихи ортақ елдеріміздің ауызбіршілігін арттыра түсері сөзсіз.

Аса құрметті президенттер!

Қадірлі жиынға қатысушылар!

Бауырластық пен достық негізінде құрылған Ұйымның қызметі жыл өткен сайын жанданып келеді. Бүгінде Түркі мемлекеттері ұйымы ортақ бастамалар көтеріліп, өзара қолдау табатын теңдессіз сұхбат алаңы ретінде қалыптасты. Мен осы тұста баршамызға тағы да шынайы ризашылығымды білдіремін. Бұл басқосуға қабылданған шешімдер Түркі елдерін одан әрі қарқынды дамытуға ықпал етерінә кәміл сенемін.

Түбі бір түркі жұртының бірлігі нығайып, берекесі арта берсін! Осымен бейресми саммит отырысын жабық деп жариялаймын. Баршамызға көп рақмет!

Akorda.kz

МЕРЕЙ

КЕУДЕСІ ҚАЗЫНАЛЫ КҮМІС САНДЫҚ

Замана ауысып, әлеуметтік-саяси құндылықтардың парқы өзгергенімен, жалпы адамзатқа ежелден ортақ мұрат – ұлтқа қызмет ету, оның рухани әлемін кеңейту, осы бай қазынаны келер ұрпаққа мирас ету сияқты кастерлі ұғымдар жасай бермек.

Ұлттық әдебиет пен руханияттың кайнар көзінде жүрген, саналы ғұмырында сөз өнерін кастерлеумен келе жатқан тұлға, жастарға бағыт-бағдар беруші ұстаз, профессор, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Кәрібозұлы ағамыз мерейлі 70 жасқа да келіп қалыпты. Ағамыздың асқаралы алпысын кеше ғана тойлаған сияқты едік. Бәкенің тұлғалық болмысы, қайраткерлік қырлары мен ғалымдық биігі туралы сол тұста (Ұлт руханиятының қайраткері //Сыр бойы.–2016. –3 наурыз) жөне бытыр (Ғазиз жүректің ұлағаты// Сыр бойы. –2025. – 3 мамыр) макалаларым шыққан болатын.

Зымыраған уақыт. Өткен он жылдың ішінде ағамыз үшін қуанышты да, сындарлы сәттер аз болмады. Өзіне ғана тән парасаттылықпен табысты сәттерді байыппен, сынақты сабырмен қабылдады. Адамның жүрегі де, миы да – көпке көріне бермейтін асерлердің барометрі десек, ағамыздың кейінгі жылдары бірнеше күрделі ота жасатқанын айтпай кете алмаймын. Бірақ осынау қиындыққа мойымай, рухының мықтылығын көрсетіп келеді. Қайсар жүрегі төзімділік пен өршілдіктің үлгісіндегі болған ол қолынан қаламы түспей, 4 кітап («Ғазиз жүрек», «Ұстаз ұлағаты», «Ізденіс іздері» және «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы») жазып, жарыққа шығарды. Ізденіс пен зерттеуді ғұмырына серік еткендіктен өз шығармалары мен ғылыми еңбектерінде қазақ әдебиетінің қоржынына молынан олжа салып, ұлттық дүниетаным, тіл мен діл байлығын, тарихи құндылықтарымызды дәріптеуде. Туған жерінің мерейін асырып, мәртебесін төрге жеткізу жолында жан-кештілігінен тер төгіп келе жатқан Бағдат Кәрібозұлы ағамыздың тұлғасы – бұрықпаған перзенттік жігердің, жаны ізгі жасампаздықтың символындай. Оның еңбектері – уақыт сынынан өткен, мәңгілік құндылықтарға толы қазына, халықтың тарихи жадын кейінгі буына жеткізетін өнегелі мұра.

«Менің өмірімдегі кездестірген кейбір адамдардың бойындағы ізгі қасиеттердің табиғилығы соншалық, олары сырт көзге тіпті білгібейді. Олар өз борыштарын атқарғандан ешқандай қиналысы байқалмайды. Бәрін өз иқтиярымен атқарады, өздерінің сондай бірегей қасиеттерін айтып мақтан етпейді, тіптен сол қасиеттерін өздері байқайды». Бұл – француз ойшылы Ш.Монтескьенің сөзі. Ендеше, бүгінде арамызда жүрген, барлық болмыс-ерекшелігімен, қабілет-қарыммен, ой-өнегімен, мінез-машығымен жан-жүйемізді баураған Бәкенің саналы ғұмыры осы Ш.Монтескьенің сөзіне толық жауап бергендей.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімін басқаратын менің Бәкенмен тығыз араласуым 2008 жылы көктемде оның Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, яғни тікелей басшым болып тағайындалған кезінен басталды. Кейін (2009-2020 жж.) «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының директоры болды. Бірге қызмет атқарған кезеңде шығармашылығыма бағыт-бағдар беріп, ақыл-ойымен және ішкі мәдениетімен тұлға әрі қаламгер ретінде қалыптасуыма елеулі ықпал етіп қана қойған жоқ, дұрыс жолды көрсетіп, парасаты әрі болмысымен ізгілікке жетелейтін рухани ағам айналды. Қазіргі күні қаламгерлер қауымы қатарында бір терінің пұшағын илеудеміз.

Бәкен мақтану, өзінің мүддесін қоғамнан жоғары қою – жат қасиет. Біреудің қуанышына ортақтасып, қиындық көргенге қол ұшын созу – оның шынайы табиғаты. Бірақ сол көмекті ешқашан алға тартпайды. Жүрекке жеткендей жанашырлыққа көзге ұрмайды. Нағыз адамгершіліктің мектебі осындай болса керек. Біле-білгенге «рухани аға» ұғымы қандай туыстығын әлдеқайда теренірек. Өмір жолында осындай тұлғаның кездесуі – тағдырдың сыйы.

Махаббат – өмірдің мәні, бақыттың бастауы және пәнидегі ең басты сезім. Ендеше, махаббатпен өрілген ғұмыр ешқашан зая кетпейді, ол адамның артында өшпес із қалдырады. Шын сүйген әрі арманшыл жан өзінің ғана емес, өзгенің де бақыты үшін әрекет етеді. Мұның бәрі Бәкеннің махаббат-ғұмырына қаратып айтылғандай. Ойымды



тарқатуды есімде өшпестей қалған мына оқиғам бастауды жөн көрдім. ҚР Ұлттық кітапханасында 2010 жылғы 10 желтоқсанда өтетін «Қазақтың ұлы қолбасшылары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияға шақырту алып, Алматы қаласына теміржолмен іссапарға аттандым. Күпде екеуміз ғана. Барғанша (бір тәулік ішінде) көп тақырыптың басын шалдық. Сөздің майын тамызатын Бәкенің негізгі әңгімесі құдай қосқан қосағы Салтанат жеңгей туралы болды. Бірінші рет қалай көргенінен бастап, бүгінге тыныс-тіршілігіне дейін үлкен құрметпен, ризашылықпен айтып берді. Әрбір сөзінен жан жарына деген әлі ескірімеген махаббаттың, лаулаған сезімнің лебі есіп тұрды десем, артық айтқандығым емес. Конференцияға қатысып, ертеніне елге бет түзеді. Күпде тағы да екеуміз. Негізгі тақырып өзгеріссіз – Салтанат жеңгей. Бәкен жол жүргенде жеңгейдің тамағынан басқаны жемейді екен. Ол тамағы барар жолда-ақ таусылған-тын. Сөйтпін Бәкен қайтар жолда мүлдем нәр татпайды. Көңілі көзі тала күтін отырған өмірлік серігіне деген іңкәрлыққа тоятқан болар, бәкімі?!
Үйіне барғанда аға-жеңгеміздің бір-біріне деген қамқор көзқарасы, үнісі түсіністігі, ішкі жылылығы менмұңдалап тұрады. Бірінші ойын екіншісі айтқызбай түсініп, көңіл күйін үнсіз-ақ сезіну, тек қуанышта емес, қиындықта да бірге болу – бұл уақыт сынынан өткен шынайы махаббаттың көрінісі. Өмірдің қиын кезеңдері де мұндай махаббатты әсірете алмайды, керісінше, оны одан әрі шыңдай түседі. Шығармашыл тұлғаның, талантты адамның жары болу – оңай емес. Осынау үлкен миссияның жүгін кез келгеннің көтере алмай тағы да анық. Бұл тұрғыда ортақ бақытты құру жолын өз өміріне тү еткен Салтанат жеңгей абырой биігінде тұр. Қандай құрметке де лайық. Адал жар ретінде өмірдің кездеспей қоймайтын сындарлы сәттерінде Бәкенің қасынан табылып, тірек болып, айналасына шуағын шашу арқылы ел-халқына тектіліктің риясыз үлгісін көрсетуде.

Әке махаббаты – көзге көрінбейтін, бірақ отбасының берік іргетасын ұстап тұрған ең маңызды рухани күш. Бәкенің перзенттеріне деген ыстық ықыласы көпке мәлім. Сезімге келіп анық мақтамаса да, ұрпақтарының әр жетістігі үшін қуана қабылдайтынын көріп жүрміз. Бұл – мәңгілік тәрбие мектебі. Қыздары, құдайға шүкір, өздеріңдей елжанды, бүгінгі қоғамның белгілі де белсенді мүшелері болып қалыптасты. Ал бұл қасиеттердің бастауында Бәкен мен Салтанат жеңгейдің күнделікті еңбегі мен үлгі боларлық бейнесі жатыр.

Бәкенің ендігі үлкен махаббаты – ұстазы, академик Зейнолла Қабдолов. Және осынау қасиетті ұғым екеуіне де ортақ. Устазының білімін, тәлімін жүрегіне сіңірген Бәкен үшін оның әрбір сөзі – бағыт, әрбір ісі – өнеге.

Әуезовтың сүйікті шәкірті З.Қабдоловтың да Бәкенге деген ыстық ықыласының ғылыми қауымдастық, Сыр жұртшылығы жақсы хабардар. Әйгілі академик оның бойынан тек білімділік пен ғылымға деген жанқиярлықты емес, ізгілік пен адалдықты, қазақтың кең даласын құшағына сыйдырардай дархан көңілді жазбай көрсек керек.

Ұстазымен рухани байланыс – шәкіртті кемелдікке жетелейтін қасиетті жол. Бәкен де қазақтың даңғайыр ғалымын ерекше құрметпен қана қоймай, оның ілімін әрі қарай дамытуға, мұрасын насихаттауға бар күшін салуда.
Шәкірт тәрбиелеу – ғылымның тоқтамай, үздіксіз дамып отыруының кепілі. Осы ретте, ағамыздың да ғылымға олжа салып жүрген ізбасарлары жетерлік.

Ғылыми ізденіс – Бағдат Кәрібозұлының жастай таңдаған махаббаты. Бәкенің ғылымға қызмет ету ісіндегі жоғары жауапкершілік сезімін, ойлау машығындағы дербестігін, тұжырымдау барысындағы бүкіл факторларды егжей-тегжейлі таразылай білуі тәрізді сапалық қасиеттерін айтпай кетуге болмайды.

Көп жылғы ізденістерінің бағыты сан тарау: әдебиеттану ғылымы, қазақ поэзиясының жанрлық, ұлттық сипаты, өлке тарихы, ел өміріндегі тұлғалар болып кете берді. Әр бағыт бойынша зерттеу нәтижелерін тізіп-тізбелеу үшін таңды-таңға асыру қажет екені да түсінікті.

Бүгінде ұлттық әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар ғалымның шығармашылығы – қазақ әдебиетінің құрамдас бөлігі. Демек, ұлт руханиятының ортақ қазынасы.

Деседе, ағамыздың ұлт алдында атқарған көп еңбегінің екеуін бөле-жара айтсам деймін. Біріншісі – ұлт руханиятының ұлықтауға мәңгілік қызмет ететін 200 томдық «Сырдария кітапханасы». Екіншісі – «Сыр өңірінің фольклорлық антологиясы» (аныздар мен әңгімелер, қиссалар, дастандар мен жырлар) үш томдығы (2019, 2021, 2023 жж.). 100 томдық «Бабалар сөзі» фольклорлық антологиясымен шендесетін әлем фольклорының асыл мұрасы. Мойындау керек, кастерлі Сыр өңірінде тұңғыш қолға алынған мұндай жобаларды орындау – әркімнің пешенесіне жазыла бермейтін бақыт.

Біртуар дарын Бағдат Кәрібозұлы бүгінде ұлттың рухани байлығын еселеуші, ақыл-ой мен мәдениеттің шамшырағы, аңыз адам. Сондықтан да фибратты ғұмыр кешіп, елге сыйлы, мұқтажға сүйеу бола білген ағамның орны мен үшін әрқашан бөлек.

Қиындықтан қаймықпай, бел шешкен ісіне белсене кірісіп, еңсерсе шығатын қайсарлық пен жақырлықтың, ұстанымына қалтқысыз адалдықтың бейнесіндей Бәкенің ел-халыққа берері әлі де аз емес. Осынау мерейлі сәтте Салтанат жеңгей екеуіне ұзақ ғұмыр сүріп, бақ-берекелі отбасында қол ұстасын талай белестерді бағындыра беріңіздер дей отырып, ағамыздың шығармашылық қолына сарқылмас шабыт, тың бастамалар, талайы табыстар тілеймін.

Қали ОМАРОВ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің бас редакторы

ОТБАСЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫН ДІңГЕГІ

Бұл туралы облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен өткен брифингте баяндады.
Басқарма басшысының айтуынша, отбасы адам үшін ең жақын әлеуметтік орта, сыйластық пен сүйіспеншілік, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы, зиялы қоғамның діңгегі. Отбасы – жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы, баланың азамат болып өсуінің негізі.



– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халқымыз қай заманда отбасы дәстүрін берік ұстанып, қалпын білген. «Үлкенге құрмет, кішіден ізет» біздің қанымызға сіңген қасиет. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» – деген болатын.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қазіргі таңда облысымызда 17 мыңнан астам «Алтын алқа» мен «Күміс алқа» иелері және 48 мың көпбалалы отбасы бар. Ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуге бағытталған «Анаға тағзым» және «Отбасы» орталықтарымен келер ұрпақ үшін маңызды жұмыс атқарылуда, – деді басқарма басшысы.

Басы 1-бетте

Ғайһар АСҚАРҚЫЗЫ

АЯҚСУ АРНАЛАРЫ ТАЗАЛАНУДА

Көктем басталысымен қалада санитарлық тазарту және арық жүйелерін тазалау жұмыстары белсенді түрде жалғасуда. Қазіргі таңда облыс орталығында аяқсу толық беру үшін су өткізу арналарындағы қоқыстар алынып, тиісті жұмыстар атқарылуда.



Шаһар басшысының тапсырмасына сәйкес, қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов арық жүйелерінің жай-күйіне, аяқсудың қалыпты берілуі барысын аралап көрді. Аралау барысында Желтоқсан, Сағымбаев, Скатков көшелері мен Қызылжарма каналының санитарлық жағдайы және су өткізу қабілеті бақылауға алынып, жауапты мекемелерге тиісті тапсырмалар берілді.

Бүгінде қала аумағында жалпы ұзындығы 98,6 шақырымды құрайтын арық жүйесі бар. Оның басым бөлігіне аяқсу толық жеткізілген. Арық жүйелеріне 12 аумақта орналасқан 19 насос қондырғысы арқылы су беріледі. Ал Қызылжарма каналындағы қайта жанғырту жұмыстарына байланысты жақын күндері насостар қосылып, аяқсу жіберілетін болады. Бүгінгі күнге дейін аяқсу жүйелерін дайындау аясында қала орталығындағы көшелерде тазалау және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар «KazstroyCapital

LTD Kyzylorda» ЖШС-мен бірлесіп, жерасты ұңғымалары арқылы су жеткізу жұмыстары атқарылуда. «Қызылорда тазалығы» мекемесі арық және канал жүйелерін тазалау, қалпына келтіру және аяқсумен қамтамасыз ету жұмыстарын қарқынды атқаруда. Атап айтқанда, аяқсу жетпейтін жерлерге арнайы техника арқылы су тасымалданып, ағаштар жоспарлы түрде суарылады. Бұл жұмыстарға арнайы мекемелердің техникасы жұмылдырылған. Одан бөлек, су үнемдеу технологияларын енгізу және су жеткізу тиімділігін арттыру бойынша жұмыстар қолға алынған.

«Ақмешіт-ақпарат»

БРИФИНГ

ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ...

Адамның өмірінен артық құндылық жоқ. Сондықтан да суға түскен кезде қарапайым ережелерді сақтау қажеттілігін кез-келген жан ескеру керек. Расында, адамдардың суда қауіпсіздік сақтауы орны толмас қайғыға әкеп соғады. Кейбір тағдыр иелерінің өмірін келтеден қияды. Мәселен, ересектер арасындағы өлімнің негізгі себебі – мас күйде суға түсу, ондағы жүріп-тұру ережесін сақтамау және тыйым салынған орындарда демалу. Тағы бір себебі – өз күшіне сену. Ал балалар арасында орын алатын бұл қайғының негізгі себебі – ата-ана бақылауынан тыс суға түсу.



суға шомылатын орындарда кезекшілік ұйымдастырылып, ескерту тактайшалары ілінді. Тұрғындар арасында үгіт-насихат жүргізілуде. Атап айтсақ, халық көп шоғырланатын орындарда судағы қауіпсіздік талаптарын сақтау жөніндегі бильбордтар орнатылуда. «Эдельвейс» коммуналдық жағажайында облыстық полиция департаментінің Жедел әрекет ету орталығында бейнебақылау орнатылған. Жүргізіліп жатқан профилактикалық жұмыстарға

қарамастан, қала аумағындағы 16 қауіпті учаскеде 2 құдықбұзушылық дерегі анықталып, әкімшілік хаттама толтырылды. Сондықтанда тұрғындарды балаларды қараусыз қалдырмауға және тек рұқсат етілген орындарда ғана шомылуға шақырамыз, – дейді қалалық төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы, азаматтық қорғау майоры Олжас Тұрсынбаев.

А. АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 14 мамырдағы №1089 қаулысы

«Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №3312 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңының 37-бабына, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2026 жылғы 5 мамырдағы №02-02/1295 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №3312 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 15 қаңтардағы №100 қаулысы жойылсын.

2. «Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №3312 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының 1-тармағындағы және қосымшасындағы «58490,0 (елу сегіз мың төрт жүз тоқсан)» деген сандар мен сөздер «53887,0 (елу үш мың сегіз жүз сексен жеті)» деген сандар мен сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулының қосымшасындағы реттік нөмірі 2-қатарындағы «49903,0» деген сандар «45300,0» деген сандармен ауыстырылсын.

3. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылғы 17 тамыз болып белгіленсін.

4. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы жүргінетін орын Қызылорда қаласы, Ыбырай Жахаев көшесі, №24, №14 кабинет болып белгіленсін.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

6. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолданысын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі А.НАХАТОВ

15 МАМЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОТБАСЫ КҮНІ

Күлайша КӨШЕРБАЕВА, білім саласының ардагері: БАЛАҒА БАЙЛЫҚ ЕМЕС, ЖАҚСЫ ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗДЫ

Отбасы – бұл сыйластық, жарастық орнаған орта, шағын мемлекет іспеттес. Онда ертенгі елдің тұтқасын ұстайтын азамат тәрбиеленеді. Сондықтан отбасында берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, дәстүрдің сақталуы маңызды.

Отбасы құндылықтары жөнінде білім саласының ардагері, аяулы ана, ардақты әже Күлайша Көшербаевамен әңгіме барысында айтылды.

Адам ғұмырының шынайы байлығы артында қалған ізі мен тәрбиеленген ұрпағы десек, Күлайша Балымбетқызының өмір жолы осы сөздің айқын дәлелі іспетті. Саналы ғұмырын білім мен тәрбиеге арнап, отбасының берекесін кіргізіп отырған аяулы ана, ардақты әже бүгінде ел құрметіне бөленіп отыр.

Бүгінде жетпістің желінен керегін Күлайша Балымбетқызы берекесі мен бірлігі жарасқан үлкен әулетте дүниеге келгенін мақтанышпен айтады. Соны үлгі еткен ол әкеден көрген имандылық пен анадан дарыған ибалықты, қарапайымдылық пен еңбекқорлықтың қадірін бойына сіңіріп өсті. 5 қыз, 3 ұл тәрбиеленген өнегелі отбасының тәлімі оның өмірлік ұстанымына айналды. Отбасы құндылығын бәрінен биік қоятын ата-ананың тәрбиесін өміріне азық етті. Жалағаш ауданындағы №123 орта мектепті аяқтап, білімге деген құштарлығының арқасында Гоголь атындағы педагогикалық институтқа оқуға түседі.

Ұстаздықты жүрек қалауымен таңдаған ол филология факультетін бітіріп, мектеп қабырғасында еңбек жолын бастайды. Ұстаздық – ұлы мамандық. Ал бала жүрегіне білім беруі сөзін екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиетті іс. Ол шажірт тәрбиелеуде мейірім мен жауапкершілікті қатар ұстанып, талай баланың сауатын ашып, өмір жолына бағыт-бағдар берген ұстаздардың бірі болды.

1980 жылы Күлайша Балымбетқызы Бейбітбек Бүркітбайұлымен шаңырақ көтеріп, өмірдің жаңа белесіне қадам басты. Ынтымағы жарасқан отбасының оты маздап, берекелі әулетке айналды. Бүгінде қызы әже жолын қуған журналист, ұлдарының бірі – заң саласында, бірі – мемлекеттік қызметте.

Бүгінде осы бір жарасымды отбасының шаңырақ көтергендеріне 46 жыл толып отыр. Бір-біріне деген сыйластық пен түсіністікті ту еткен отбасы уақыт сынынан сүрінбей өтіп, көпке үлгі боларлықтай биік белеске жетті. Қазіргі таңда бақытты ата мен әже атанып, ұрпағының қызығын көріп отырған қадірлі жанлар.

Отбасы – адам өміріндегі ең қасиетті ұғым. Шаңырақтың беріктігі де, ұрпақтың тәрбиесі де ең алдымен ата-ана арасындағы сыйластық пен түсіністіктен басталады. Яғни, отбасы болу – тек бір шаңырақ астында өмір сүру ғана емес, бір-біріне сүйеу бола білу, қуанышты бірге бөлісіп, қиындықты бірге еңсеру. Сонда ғана перзенттерің сенен үлгі алып, бауырмалдықты жоғалтпауға, туған-туысқа жанашыр болуды үйренеді, – дейді Күлайша анамыз.

Осындай парасатты пайым мен мейірімге толы отбасында өскен ұл-қыздары бүгінде елге сыйлы азамат болып қалыптасып, ата-анасының мерейін үстем етіп отыр.

Мен бала тәрбиесінде қатал сөз бен орынсыз ұрыстық пайдасыздан зияны көп деп ойлаймын. Баланың жүрегі нәзік, көңілі таза болады. Оған кезіп сөйлеген сөзің жан дүниесіне сызат түседі. Сондықтан перзент тәрбиесінде мейірім мен сабырды басты орынға қоюға тырыстың. Бала қателеспей өсейді. Кейде оларды ұрысып емес, түсіністікпен тыңдап, ақылмен жөнге салған дұрыс.

Себебі жылы сөз бен аналық мейірім баланың жүрегіне тез жетеді. «Бала – Алланың аманаты» деп қараймын. Сондықтан әр ата-ана перзентінің жан дүниесін жараламай, керісінше, оның бойындағы жақсы қасиеттерді оята білуі керек. Мейірім көріп өскен бала өзгеге де жанашыр, жүрегі жұмсақ болып өседі. Бүгінде балаларымыз бір-біріне қамқор, үлкені сыйлай білуі сол сабыр мен сүйіспеншілікке негізделген тәрбиенің жемісі деп білемін. Біз әкеміз бен анамыздан көрген өнегені өмірлік ұстаным еттік. Ата-ананы ардақтау перзенттік парыз ғана емес, адамдықтың белгісі. Сол себепті олардың ақылын тыңдап, қадірін біліп, құрмет көрсету кейінгі ұрпаққа үлгі болар қасиет деп білемін, – дейді ардақты ана.

Ақ жаулықты ананың өмірлік ұстанымы балаға құр сөзбен емес, өнегелі ісімен тәрбие беру. «Бала ата-ананың айтқанынан гөрі, көргенін көбірек бойына сіңіреді» деген қағидаға берік ұстанған аяулы ана перзенттерін кішіпейілділікке, еңбекқорлыққа, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуға баулып өсірді. Кейіпкеріміз перзент тәрбиелеудегі ұстанымын айтты.

Біз балаларымызға ең алдымен адалдық пен адамгершілікті үйретуге тырыстық. Қай кезде де отбасының бірлігі мен татулығын жоғары қойдық. Дастархан басында балаларымызбен ашық әңгімелесіп, олардың ой-пікіріне құлақ асуға мән бердік. Әр баланың жүрегіне жол табу үшін мейірім мен сабыр қажет. Тәрбиенің негізі – сүйіспеншілік пен сенімде деп ойлаймын. Балаға байлық емес, жақсы тәрбие беру маңызды. Ата-ананың артындағы ең үлкен мұрасы – тәрбиелі ұрпақ. Қазіргі қоғамда бала тәрбиесіндегі жауапкершілікті түгелдей мұғалімнің мойнына артып қою белең алып бара жатқанды көрсетеді. Алайда тәрбие тек мектептің ғана емес, ең алдымен отбасының міндеті. Мұғалім білім береді, бағыт-бағдар көрсетеді, ал баланың бойына адамгершілік, мейірім, ізет пен ұлттық құндылықтарды сіңіретін – ата-ана. Бала тәрбиесі бесіктен басталады. Үйдегі әрбір сөз, ата-ананың іс-әрекеті, үлкенге құрметі мен кішіге қамқорлығы бәрі бала санасына із қалдырады. Сондықтан «мұғалім тәрбиелесін» деп шетте қалмай, ата-ана мен мектеп бірлесіп жұмыс істегенде ғана ұрпақ тәрбиесі нәтижелі болады деп ойлаймын. Біз баламыздың қандай ортада жүргеніне, кіммен араласатынына, нені қызықтайтынына бейжай қарамауымыз керек. Баламен сөйлесу, оның жан дүниесін түсіну, сеніміне кіру – тәрбиенің ең маңызды бөлігі. Егер ата-ана жауапкершілікті толықтай мектепке ысырып қойса, бала бойындағы кейбір олқылықтың орнын толтыру қиынға соғады.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халқымыз. Сондықтан тәрбие ең алдымен отбасынан басталып, мектеппен сабақтасқанда ғана саналы, тәрбиелі ұрпақ қалыптасады. Қазіргі заманда бала тәрбиесінде кітаптың орны ерекше деп ойлаймын. Баланы кішкентайынан кітап оқуға баулу оның ой-өрісін кеңейтіп, рухани дүниесін

байытатын ең үлкен қазына. Кітап оқыған баланың тілі бай, танымы терең, ойы сергек болады. Сондықтан біз әрқашан балаларымызды кітаппен дос болуға тәрбиеледік. Үйімізде өзіміз жинақтаған кітапхана бар. Бүгінде ондағы кітап қоры мыңнан асады. Бұл біздің отбасының рухани байлығы. Үйдегі әр кітаптың өзіндік орны, өзіндік тағалымы бар. «Кітап – үнсіз ұстаз» дейді ғой халқымыз. Сондықтан балаға жақсы кітап ұсыну оның болашағын жарқын етумен тең деп білемін. Қазір немерелеріміздің де кітапқа қызығушылық танытып жүргені бізді ерекше қуантады. Ұрпақтың рухани бай болып өсуі – әр ата-ананың ең үлкен бақыты, – деп сөзін түйіндеді ардақты ана.

А.АЙТЖАНОВА



Шара соңында 90 жасқа толған ардақты қария Нұрғазы Қойшыбаев пен 80 жасқа толған Сайлаубай Әбішұлына құрмет көрсетіліп, қала әкімінің атынан арнайы сый-сияпат табысталды.

«Шағын мемлекеттің» шуағы

«Отбасы – шағын мемлекет» деген ұғымның астары терең. Әр шаңырақтың өзіндік ұстанымы, алға қойған мақсаты болады. Ортақ отаудың иесі отағасы болса, киесі – отанасы. Отбасында әйел мен ер арасында татулық, келісім болса, сол ұяда тыныштық болып, береке кіріп, ырыс пен ынтымақ орнайды. Отаудың түтіні түзу шығып, ел құрметтейтін құтты шаңыраққа айналуды одақ құрған ерлі-зайыптың сыйластығына байланысты.



«Анаға тағзым» орталығында қалалық қоғамдық даму және қалалық әйелдер кеңесінің ұйымдастыруымен 15 мамыр – халықаралық отбасы күніне орай «Берекелі отбасы – жарқын болашақ!» атты мерекелік іс-шара өтті. Татулықты ту еткен отбасылардың ұлағатты өмір сүру дағдысын үлгі етуге арналған іс-шараның басты мақсаты – отбасы құндылығын дәріптеу, ұрпақтар сабақтастығын насихаттау.

Салтанатты іс-шараны жүргізген қалалық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов бұл мерекенің отбасы құндылығын дәріптеп, әр шаңырақтағы сыйластық пен сүйіспеншілікті үлгі етіп, халықаралық деңгейде аталып өтілуі отбасының қоғамдағы ролін айқындап, ұрпақ тәрбиесіне негіз болатынына тоқталды.



Отбасы құндылығын арқау еткен басқосуға қалалық әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлнәр Жұмашева, құқық қорғау органдарының өкілдері, үкіметтік емес ұйым мүшелері мен «Алтын той», «Гауһар той» иелері қатысып, отбасы институтының қоғамдағы маңызы туралы ой бөлісті.

Басқосуда отбасы қоғамның негізгі тірегі, ұлттық құндылықтардың алтын арқауы екені кеңінен айтылды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың отбасы институтын нығайтуға бағытталған бастамалары мен отбасылық құндылықтарды қорғау мәселесіне айрықша көңіл бөлініп отырғаны атап өтілді. Іс-шарада қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрғамағбетов сөз сөйлеп, отбасы татулығы мен ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар қоғамдық ұйымдардың отбасы құндылығын насихаттаудағы ролі ерекше екені айтылып, қалалық әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлнәр Жұмашева өз пікірін білдірді.

Кештің негізгі бөлігінде көпке өнеге болып жүрген әулеттердің гибратты өмір жолын таныстырды. Атап айтқанда, 66 жыл бойы бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп келе жатқан Қойшыбаевтар отбасы туралы кеңінен айтылып, отанасы Айша Қойшыбаева жастарға отбасы бірлігін сақтау, сыйластық пен тәуірлік жөніндегі әрбір елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Отбасының берекесі бірлігі – әр сәбилің, әр баланың болашақ қадаты мен бақытты жүзінде. Бала тәрбиесінде және оның дара тұлға болып қалыптасуында ата-ананың ролі мен отбасы құндылығының маңызы өте зор. Ұлт болашағының іргетасы, негізін қалаушы отбасы болса, отбасының іргетасы – бала. Ал бала отбасының жылуын, қолдауын сезінгенде ғана бақытты болып ержетеді, – дейді Сайлаубай Әбішұлы.

Салтанатты кештің қадірлі қонағы – Шәмшиевтер отбасы. Отасқандарына 58 жыл болған. Отағасы Сағиәддин Шәмшиұлы еңбек жолын Қызылорда қаласындағы қалалық аурухананда дәрігер-анестезиолог, хирург мамандығы бойынша ұзақ жыл жерде жәрдем станциясының бас дәрігері қызметін абыроймен атқарған. Жұбайы Сақыжамал Теренөзек (қазіргі Сырдария) аудандық ауруханасында медбике болып бастап, кейін қызметін қалада жалғастырған. Үлгі-өнегесімен елге танылған Шәмшиевтер отбасы көпшілікке таныстырылып, олардың медицина саласындағы адал еңбегі мен адамгершілік қасиеті ерекше атап өтілді.

Шара соңында 90 жасқа толған ардақты қария Нұрғазы Қойшыбаев пен 80 жасқа толған Сайлаубай Әбішұлына құрмет көрсетіліп, қала әкімінің атынан арнайы сый-сияпат табысталды.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Жыл басынан бері қалалық полиция басқармасына тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 1000-нан астам хабарлама келіп түскен.

Аталған хабарламалар арасында тұрмыстық зорлық-зомбылық пен құқықбұзушылық фактілері тіркелген. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы осы бағытта 13 қылмыс дерегі тіркелсе, биылғы жылдың алғашқы төрт айында-ақ 14 қылмыс фактісі орын алған. Сонымен қатар жыл басынан бері басқарманың профилактикалық есебіне 699 азамат алынған. Оның ішінде 152 тұлға ерекше талаптар белгіленіп, олардың мінез-құлқына бақылау күшейтілген. Бүгінде құқықбұзушылықтың және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Әр шаңырақта тыныштық пен қауіпсіздіктің болуы аса маңызды. Ал құқықтық сауаттылық – адамды түрлі қауіп-қатерден қорғайтын басты құралдардың бірі. Занды білу – өз құқығыңды қорғап қана қоймай, өзгелердің құқығына құрметпен қараудың да белгісі. Өкінішке қарай, отбасындағы зорлық-зомбылық салдарынан адамдар түрлі дене жарақатын алып, кей жағдайларда адам өлімінен аяқталып жатады. Жүргізілген зерттеу нәтижелері тұрмыстық зорлық-зомбылықтың негізгі себептері ретінде ішкілікке әуестік, лудомания, алақтардың арбауына түсіп несие алу, құмар ойындарға тәуелділік болып отыр. Осындай жағдайлар

Басы 1-бетте

салдарынан отбасылық жанжалдар көбейіп, әйелдерге күш көрсету оқиғалары артқан. Зәбір көрген әйелдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қалада қазіргі таңда үш дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Онда зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетіледі. Қажет болған жағдайда әйелдер мен балалар арнайы орталықтарға алты ай мерзімге дейін орналастырылады, – дейді қалалық полиция басқармасы қоғамдық қауіпсіздік бөлімінің отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Айгерім Ерболат.

Ішкі істер министрлігінің нұсқауына сәйкес, 2026 жыл «Қауіпсіз балалық шақтың кепілі» жылы болып жарияланған. Осыған орай, қалалық полиция басқармасының ұйымдастыруымен «Зорлық-зомбылықсыз Қызылорда» атты кең ауқымды акция өтуде. Негізгі мақсат – қауіпсіз мектеп, қауіпсіз қоғам және қауіпсіз балалық шақ қағидаларын қалыптастыру, зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және тұрғындарға қорғану тетіктерін түсіндіру.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және психологиялық салдары да ауыр. Мұндай жағдайлар жәбірленушілердің физикалық және психологиялық денсаулығына зиян келтіріп қана қоймай, жалпы қоғамға да теріс әсер етеді. Мысалы, балалар зорлық-зомбылықтың куәгерлері немесе құрбандары болғанда, олардың психологиясы бұзылады, өздері де қатыгез болып өседі.

Облыстық халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарының құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілі Жандос Тұсмағамбетовтің сөзіне сүйенсек,

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ



ЖАЗАСЫ ҚАТАҢ

тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына көрсетілетін көмек көлемі жыл сайын артып келеді. 2024 жылы орталықтан арнаулы әлеуметтік қызмет алған 58 әйел болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 79-ға жеткен. Ал 2026 жылдың алғашқы тоқсанында 25 ана көмекке жүгінген. Бұл әйелдердің өз құқықтарын қорғауға батыл қадам жасап, заң аясында көмек алуға шешім қабылдап отырғанын көрсетеді. Орталықта азаматтарға әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық, құқықтық, психологиялық, еңбек, экономикалық, педагогикалық және мәдени бағыттарды қамтитын сегіз түрлі арнаулы қызмет ұсынылады. Нәтижесінде 2024 жылы 47, ал өткен жылы 69 әйел өз отбасына қайта оралып, мәселелерін шешуге мүмкіндік алған.

Орталықтың басты мақсаты – отбасындағы түйткілдерді реттеп, қылмыстың алдын алу. Тұрмыстық зорлық-зомбылық тек әйелге ғана емес, баланың психологиялық жағдайы мен болашағына да кері әсер етеді. Сонымен қатар зорлық-зомбылық тек дене жарақатын салумен шектелмейді, адамның жан дүниесіне әсер ететін психологиялық қысым мен қорлау

да ауыр салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір отбасында қауіпсіз орта қалыптастырып, зорлық-зомбылықтың алдын алуға қоғам болып назар аудару маңызды. Әрбір бала бақытты отбасында өмір сүруі тиіс. Отбасындағы зорлық-зомбылықты жасырудың соны қылмысқа әкеледі. Отбасында барынша зорлық-зомбылық болмағанын қалағалау қажет, – дейді Жандос Тұсмағамбетов.

Күн сайын қатыгездіктің, зорлық-зомбылықтың күшейіп, жағдайдың ұшығып бара жатқанын көз көріп отыр. Отбасылық ұрыс-керіс, адамдардың бір-біріне қастандық жасауы азаймай тұр. Бейбіт ел, ынтымағы жарасқан халық болғанымызбен қатыгездік көбеюде. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы жиынында: «Тұрмыстық зорлық-зомбылық, буллинг пен агрессия да қазіргі уақыттағы қатерлі үрдіс. Ашығын айтсақ, қоғамда қатыгездік күшейіп барады. Біреуге тіл тигізгі, бір-намысын таптап, тіпті, ұрып-соғуға дайын тұратындар аз емес. Мұндай теріс әрекеттерге көз жұма қарауға болмайды. Біз осы қоғамдық дертті жасырмай, ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз үйде де, түзде де өзін қауіпсіз сезінуге тиіс. Бір сөзбен айтқанда, қауіпсіз ортада өмір сүруі керек. Заң мен тәртіп қатаң сақталуы тиіс, яғни қоғамда заң үстемдігі болуы қажет», – деп атап көрсетті. Ел Президенті де қауіпсіз қоғам орнату үшін заң талабын да қатаңдатты. Бұл – ел тыныштығы үшін, балаларымыздың қауіпсіз қоғамда өсіп-өнуі үшін жасалып жатқан қадам. Қауіпсіз қоғам бәрінен қымбат.

Айтқын БАТЫРБАЙҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірмен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығын ағартып, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 3858 Тапсырыс №8116

Немірдің кезекші редакторы Айтқын АЙТЖАНОВА